



БҰЙРЫҚ

2024 жылғы 16 наурызда

Шахан кенті

ПРИКАЗ

№ *125/к*

поселок Шахан

Сыбайлас жемқорлық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымыл бойынша іс-шаралар жоспарын орындау үшін, сондай-ақ білім беру ұйымдарында сыбайлас жемқорлыққа ықпал ететін себептер мен жағдайлар туғызбау үшін **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Педагогтер мен сыйнып жетекшілерге:
 - оқушылардың ата-аналарынан мектептің әртүрлі қажеттіліктеріне заңсыз ақша жинауға жол бермеу;
 - қызметкерлерден заңсыз ақша жинауға жол бермеу (олардың келісімінсіз жалақыдан ұстап қалуды қоса алғанда);
 - жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы КР заңнамасын бұзушылықтарға жол бермеу;
 - білім алушыларға мемлекеттік жалпы білім беру стандарты шеңберінде ақылы негізде білім беру қызметтерін ұсынуға жол бермеу;
 - демеушілік және қайырымдылық көмектің қаржы қаражатын тиісті шоттарға аудару;
 - демеушілік және қайырымдылық көмектің материалдық құралдарын кіріске алууды қамтамасыз ету;
 - демеушілік және қайырымдылық көмектен алынатын қаражатты КР нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес пайдалануға;
 - бюджет заңмасы мен мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзуға жол бермеу;
 - бюджет қаражатын мақсатсыз пайдалануға жол бермеу;
 - мектепте жеке сипаттағы мерекелерді (мерейтойларды, туган күндерді, үйлену тойларын және өзге де мерекелерді мерекелеу) өткізуға жол бермеу. Сынып ұжымдарында мерекелік іс-шараларды өткізу үшін ақша жинауға жол бермеу.
 - мектеп үй-жайын заңсыз жалға алу фактілеріне жол бермеу;

- білім алушылардың ата-аналары (немесе өзге де занды өкілдері) үшін қолжетімді жерде мектепте білім беру қызметтерін көрсету тәртібі туралы толық объективті ақпаратты орналастыруды қамтамасыз ету;
 - білім алушылар мен тәрбиеленушілер ата-аналарының (немесе өзге де занды өкілдерінің) ақшалай қаражатын тарту мәселелері бойынша тұрақты жұмыс істейтін "сенім телефонының" жұмысын ұйымдастыру;
 - мектептің барлық қызметкерлеріне жөндеу жұмыстарын жүргізу, жиназ, жабдық сатып алуға, үй-жайларды тазалауға, педагогикалық ұжымға сыйлықтар, мерекелік іс-шаралар мен басқа да мақсаттарға мәжбүрлеп ақша жинауға қатаң тыйым салынсын;
 - мектеп әкімшілігі мектеп қабырғасында жол бермеу жөнінде пәрменді шаралар қабылдасын:
- 1) кітап, ойын-сауық іс-шараларына билеттер сату;
 - 2) концерттік бағдарламалар мен ертеңгіліктерді өткізу үшін шақырылған актерлердің қызметтеріне ақы төлеуге қаражат жинау;
 - 3) ата - аналар мен окушылардан алымдар есебінен мерекелік күндерге сыйлықтар сатып алу;
 - 4) мереке күндеріне мектепті ресімдеуге қаражат жинау;
 - 5) оқу-тәрбие процесі кезінде коммерциялық құрылымдардың жарнамалық іс-шараларын өткізу (байланыс операторларының жарнамасы, тамақтандыруды ұйымдастыру);
 - 6) оқу-тәрбие процесі кезінде коммерциялық құрылымдардың жарнамалық іс-шараларын өткізу (байланыс операторларының жарнамасы, тамақтандыруды ұйымдастыру);
 - 7) жалдау шарты жоқ коммерциялық құрылымдардың өнімдерін сату;
 - 8) окушылардың бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылмайтын конкурстар мен зияткерлік ойындарға катысуы үшін мектеп қызметкерлерінің ата-аналарынан қаражат жинау;
 - 9) тәрбие жұмысын іске асыру шенберінде өткізілетін мектеп окушылары мен тәрбиеленушілерінің мәдени-бұқаралық іс-шараларға катысуына қаражат жинауды мектеп қызметкерлерін тартпай-ақ ерікті негізде ғана жүргізу (театр, көрме, мұражайларға және т. б.);
 - 10) педагогикалық ұжымда және ата- аналар комитетінің мүшелері арасында мектеп қажеттіліктеріне заңсыз ақша жинау мәселесі бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
 - 11) ата-анасынан заңсыз ақша жинауға жол берген сынып жетекшілеріне, мұгалімдерге тиісті шаралар қабылдау.
2. Осы буйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор



Э.Рамазанова